**Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ**
**КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ**
**ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ**

**Факультет кеңесінде бекітілді**
**Көптілді білім беру факультеті**

**Факультет деканы ______ СултангубиеваА.А.**
**хаттама № 6 «22» 02 20 21 ж.**

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (2жыл)**
(білім бағдарламасының атауы)

**2021-2022 оқу жылы**

**Атырау, 2021**

| № | Пән коды мен атауы | Курс мақсаты<br>Негізгі бөлімдердің қысқаша сипаттамасы | Пререквизиттер | Қалыптасатын құзыреттіліктер | Пәндер циклы (ЖБП, БП, КП) | ЖОК, ТК | академ. - кредиттер көлемі | семестрі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1 курс** | | | | | | |
| 1 | GTF5201Ғылымның тарихы мен философиясы | Ғылым феноменінің мәселелерімен таныстырып, ғылымның тарихы мен теориясы, ғылым дамуының заңдылықтары және ғылыми білімнің құрылымы, ғылымның мамандық және әлеуметтік институт ретіндегі ерекшеліктері, ғылыми ізденіс жүргізу әдістері, ғылымның қоғам дамуындағы рөлі туралы білім қалыптастырады. Ғылыми ойлау мәдениеті, сараптамалық қабілет пен ізденіс қызметінің дағдыларын дамытып, ғылыми мақала, тезистер жазу, конференция, симпозиум, дөңгелек үстел, пікірталастарда сөйлей білу машықтарын меңгереді. | Философия | Білуі: ғылымның тарихы мен теориясын, даму заңдылықтарын; Түсінуі; ғалымды жан жақты игеру; ғылыми ізденіс жүргізу әдістерін игеру;, Қолданылуы: ғылыми мақала, тезистер жазу, конференция, дөңгелек үстел, сөйлей білу машықтарын меңгеру | БП | ЖОК | 5 | 1 |
| 2 | ShT 5202Шетел тілі | Шет тілін оқыту процесінде магистранттардың мәдениаралық және коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыру (А2, жалпыеуропалық құзіреттілік) және негізгі жетімділік деңгейі (В1, жалпыеуропалық құзіреттілік).<br>Оқыту деңгейіне байланысты, егер магистрант тілді жалпы европалық құзіреттіліктің В1 деңгейінен жоғары болса, курсты аяқтаған кезде ол жалпы европалық құзіреттіліктің В2 деңгейіне жетеді.<br>. | Шетел тілі, Кәсіби бағытталған шетел тілі | Білуі:<br>лексиканы, білімнің грамматикалық жүйесін және ниеттің прагматикалық мазмұнын толық түсінуге негізделген тіл мен сөйлеу құралдарын дұрыс таңдап, қолдана білу;<br>Түсінуі: мәтін мазмұнын жеткізу, қорытынды жасай алу, мәтіннің соңғы бөлігін және оның жеке құрылымдық бөліктерін сипаттай білу,<br>мәтіндік ақпаратты түсіндіру, әлеуметтік, әлеуметтік, мәдени, қоғамдық-саяси, ағартушылық және кәсіби мәтіндердің стилі мен | БП | ЖОК | 5 | 1 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жанрлық ерекшеліктерін ашу.<br>Қолданылуы: теориялық білімді практикада жүзеге асыру | | | | |
| 3 | PZnM5203Педагогика жоғары мектепте | Жоғары мектептегі оқу-тәрбиелеу үдерісін, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын меңгертіп, оларды ізгілендіру мен демократияландырудың қазіргі үрдістерін сипаттап, оқытушылық және әдістемелік қызметке дайындауға бағдарланған. Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамаларына негізделе отырып, педагогикалық қызметтің дара жеке шығармашылық стиліне бағдар береді. | Педагогика | Білуі: педагогикалық жеке құбылыстардың мәнін ашып, ең бастысы, олардың өзара байланысын, бірі-біріне ықпалының қандай деңгейде екендігін көрсетеді.<br>Түсінуі: Жоғары мектеп педагогикасының<br>негізгі категориялары: тәрбие, білім беру, оқыту, педагогикалық процесс, тұлға, іс-әрекет, қарым-қатынас, дамыту, қалыптастыру, заңдылықтар, әдіснамаларын игереді<br>Қолдануы. Теориялық білімді мектепте қолданады | БП | ЖОК | 5 | 1 |
| 4 | BPsi 5204Басқару психологиясы | Пәннің мақсаты стандартизация, сапа менеджменті жүйесін, денсаулық сақтау маркетингін басқару бойынша тәжірибелік және теориялық дағдыларды қалыптастыру, нарықтық экономика бойынша магистранттарбілімін тереңдету .Бөлім немесе бүтін ұйымдағы басқару дағдыларын, білімдерін қалыптастыру, ішкі және сыртқы нарықтағы жұмысты ұйымдастыру, басқарушылық шешімдерді қабылдауда нәтижелі әдістер мен құралдады қолдану | Экономика және құқық негіздері | Білуі: басқару психологиясының обьектісін, заңдылықтарын, әкімшілік мектеп;<br>Түсінуі: Психологиялық заңдар мен басқарудың негізгі концепцияларын<br>Қолдануы: Теориялық білімді практикада жүзеге асыру | БП | ЖОК | 5 | 1 |
| 5 | TBZhB 5305Тіл білімінің жаңа бағыттары | Әлемдік линвистиканың дамуына сәйкес тіл білімінде жаңа бағыттар қалыптасқан. Осыған сәйкес тіл білімінің жаңа бағыттарын, олардың зерттелуін магистранттарға таныту мақсаты көзделіп отыр. Бұл бағыттардың методологиялық негіздері, атап айтқанда таным теориясы мен ғылыми-теориялық | Тіл біліміне кіріспе | Білуі тиіс:<br>- жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттарға арналған ғылыми әдебиеттермен, ондағы теориялық тұжырымдармен, концепциялармен танысып, оларды меңгеруі тиіс; - теориялық білімдерін практикалық | БП | ТК | 8 | 1 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұстанымдары, зерттеу әдістері айқындалып, тәжірибеде талдау, сараптау, жинақтау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. | | қолданбалы мақсаттағы жұмыстармен ұштастыра білуі тиіс; - тіл біліміндегі жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді меңгеруі тиіс. Магистрант жасай алуы тиіс: - әлемдік, отандық тіл ғылымдары дамуындағы жаңа тұжырымдар мен концепцияларды сыни тұрғыдан қарастырып, өзінің ғылыми көзқарастарын ғылыми форумдар мен семинарларда, конференцияларда еркін жеткізе білуі;<br>Түсінуі: - тіл ғылымындағы әртүрлі бағыттар негізінде алған білімдерін өзара ұштастыра отырып аналитикалық талдау жасай алу, осы негізде өз білімдерін кеңейтіп, тереңдете алу; - ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін ғылыми мақалалар мен диссертациялық жұмыстарды жазуда еркін пайдалана білу.<br>Қолдануы: - алған білімдерін көпшілікке жеткізе білуге, әріптестері мен ғылыми мамандардың алдында өз көзқарастарын дәлелдей алуға; - алған білімдерін одан әрі жетілдіруге, тереңдетуге, - алған білімдері негізінде жаңадан туындаған күрделі мәселелерді шеше алуға дағдылануы тиіс. Құзіретті болуы тиіс: тіл білімінің жаңа бағыттарын терең түсініп, алған білімдерін өздерінің зерттеу жұмыстарында және пәнді оқыту жұмыстарында пайдалана білу; | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |
| | TTTN 5305 Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері | Пәнді оқытудың мақсаты - Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері ертеден бері қарай тілдің даму сатысын нақты тілдік деректер негізінде (жазба тіл, диалектілер т.б.) қазақ тілі дамуындағы басты кезеңдер мен бағыттарды, олардың қалыптасу тарихы мен бүгінгі күнге дейінгі ұлттық жазба әдеби тіл дәрежесіне жету жолдарына дейінгі, ондағы түрлі тілдік жүйелердің, грамматика мәселелерінің, түрлі тілдік тұжырымдар мен теориялардың пайда болу жолдары мен тарихын, ерекшеліктерін, мән-жайын жан-жақты қарастырады.<br>Пәннің негізгі тараулары Тіл тарихын дәуірлеуге байланысты, түркологияға, тіл тарихына қатысты жазылған көптеген зерттеулердің теориялық-методологиялық ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері, олардың тіл ғылымын дамытудағы ықпалы туралы кең лингвистикалық деректер беріледі. Тіл біліміндегі түрлі тілдік өзгерістерге әсер еткен факторлар мен сыртқы жағдайлар, түркологтар мен қазақ лингвист ғалымдарының тілді дамытудағы еңбектері мен тіл ғылымындағы орны, тілдік ғылыми тұщымды тұжырымдар айтылады. Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық мәселелері мен тілдік деректері айтылып, тілдік теориялық мәліметтер беріліп, талданады. Хронологиялық | Әдеби тіл тарихы, Жалпы тіл білімі | Білуі тиіс: тіл тарихына қатысты жазылған көптеген зерттеулердің теориялық методологиялық ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері, олардың тіл ғылымын дамытудағы ықпалы туралы кең лингвистикалық деректер беріледі.<br>Біліктілігі: мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Дағдысы: Тіл тарихының даму, қалыптасу кезеңдерін, тіл біліміндегі мектептер мен ағымдар, парадигмалық бағыттар жүйесін меңгеру.<br>Құзыреттілігі:<br>Тіл білімінің ішкі, сыртқы, интралингвистикалық, экстралингвистикалық салалары бойынша теориялық білімдерді меңгереді.<br>Тіл білімнің фонетика, лексикология, морфология, синтаксис салалары бойынша теориялық білімдерді меңгеру.<br>Сауатты жаза білу, сауатты сөйлей білу, шығармашылық қабілетті дамыту. | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұстанымды сақтай отырып, тіл ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде білім алушы магистранттарға барынша толық, тиянақты білім беру. | | | | | | |
| 6 | AZhB 5301Әдебиеттанудың жаңа бағыттары | «Әдебиеттанудың жаңа бағыттары» пәні кәсіби әдебиетіміздегі жаңа бағыттарды көркемдік ізденістер негізінде қарастырады. «Әдебиеттанудың жаңа бағыттары» пәнінің мақсаты магистранттардың теориялық білімін, әдеби-эстетикалық түсінігін нығайта отырып, меңгерген білімін әдебиеттану саласындағы ізденістерін зерттеуде қолдануға үйрету. | Әдебиет теориясы | Білуі тиіс:<br>-әлем әдебиетінің тарихы, әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы, халық ауыз әдебиеті, қазақ әдебиетінің тарихы, тіл біліміне кіріспе пәндерінен алған білімін әдебиеттанудың жаңа бағыттары сабағында пайдалана алу.<br>- поэтиканың жанрлық ерекшелігін , тегі мен түрін танып, білу.<br>Түсінуі:поэтиканың тарихи даму кезеңдерін,әр кезеңнің даму ерекшелігін білу<br>-поэзиялық шығармаларға талдау жасай білу.<br>- Қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағыттардың негізгі сипатын білу. Лингвопоэтика, семиотика, құрылымдық поэтиканың негізгі парадигмаларын білу,<br>Қолданылуы:Әдеби туындыдағы психоаналитикалық мотивтер мен мәселелерді талдау, орыс әдебиеті ірі тұлғаларының шығармашылығындағы психологизм мәселесіне талдау жасай білу. | БП | ТК | 7 | 2 |
| | ATDN 5301 Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері | Пәнді оқытудың мақсаты<br>Пәннің мақсаты - әдебиет тарихын дәуірлеу туралы әдебиеттану ғылымындағы ғылыми бағалаулардың жүйесін саралап таныту. Осы мақсатты орындау үшін әдебиеттану ғылымындағы ең басты екі тарауы әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы қисындарының тұтаса қолданылу ерекшеліктерін жүйелеп тану міндеті көзделеді. Осы | Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті, XIX ғ қазақ әдебиетінің тарихы, XX ғасыр бас кезіндегі әдебиет, Қазіргі қазақ әдебиеті | Білуі тиіс: Әдеби эстетикалық түсінігін қалыптастыра отырып, меңгерген білімін әдебиеттанулық ізденістері кезінде және ұлттық әдебиеттің құрылысын зерттеу тұсындағы үлестерін бағамдайды.<br>Біліктілігі: Әдебиеттану ғылымындағы іргелі зерттеулер арқылы қазақ және әлем халықтары әдебиеттері тарихының теориялық мәселелерін айқындаудың | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | күрделі ғылыми мақсат мен міндетті орындауда магистранттарға әлемдік және ұлттық әдеби үдеріс (процесс) туралы байыптаулардың тарихи – мәдени заңдылықтарына байланысты талдаулар ұсынылады. Әдебиет тарихын дәуірлеуге байланысты жазылған іргелі зерттеулердің теориялық – методологиялық ерекшеліктері, әдіс – тәсілдері, олардың әдебиеттану ғылымын дамытудағы ықпалы туралы кең көлемді мәліметтер беріледі. .<br>Пәннің негізгі тараулары –<br>Әдебиет тарихын дәуірлеуге байланысты жазылған іргелі зерттеулердің теориялық методологиялық ерекшеліктері, әдіс – тәсілдері, олардың әдебиеттану ғылымын дамытудағы ықпалы туралы кең көлемді мәліметтер беріледі. Әдебиеттану ғылымындағы іргелі зерттеулер арқылы қазақ және әлем халықтары әдебиеттері тарихының теориялық мәселелерін айқындаудың бағдарлары түсіндіріледі.<br>Пәнді оқыту барысында қазақ және әлем халықтары әдебиеттері тарихына, әдебиет теориясына, педагогикаға, жалпы тіл біліміне, философияға, дінтануға, әлеуметтануға, саясаттануға байланысты деректер пайдаланылады. | | бағдарлары түсіндіріледі.<br>Дағдысы: Әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы қисындарының тұтаса қолданылу ерекшеліктерін жүйелеп тану міндеті көзделеді. Осы күрделі ғылыми мақсат мен міндетті орындауда магистранттарға әлемдік және ұлттық әдеби үдеріс (процесс) туралы байыптаулардың тарихи мәдени заңдылықтарына байланысты талдауларды саралтауға дағдыланады<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы бар: мамандық дағдыларын жетілдіреді.<br>Құзыреттілігі: ұлттық әдебиет құрылысын зерттеу, түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс. | | | | |
| 7 | LNKZh5302 Латыннегізді әліпби және қазақ жазуы | Пәнді оқытудың мақсаты латын графикасы негізіндегі қабылданған әліпбиді прецедент ретінде ала отырып, оның графикалық құрылымын, тілдік бірліктердің әліпбидегі әріптермен таңбалану ерекшелігін айқындау.Латын графикасына негізделген қазақ | Қазақ тілінің фонетикасы және графикасы | Білуі тиіс: графикалық құрылымын, тілдік бірліктерді;<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі: Теориялық тұжырымдамалармен, | КП | ТК | 5 | 2 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әліпбиін жасаудың алғашқы қадамын толықтай талдап, сол кезеңдегі басты критерийлер мен негізгі ұстанымдарды айқындау. Әліпби таңдаудағы бағыт-бағдарларды айқындау; жалпытүркілік ортақ әліпби жасау, графиканы бірегейлендіру, жалпытүркілік әліпбиге бейімдеу қағидатын (принципін), жобаларының нәтижесін, қолданылу шегін көрсету | | концепциялармен, түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс. | | | | |
| | JT5302Жазу тарихы | Пәнді оқытудың мақсаты қазақ жазу тарихының қалыптасу және даму кезеңдері жөнінде ғылыми тұрғыда жүйелі білім беру болып табылады. Пәннің негізгі тараулары: әдеби тіл және оның нормалары, әдеби тіл туралы ұғым, әдеби тілге қойылатын талаптар мен әдеби тіл нормалары, әдеби тілдің даму кезеңдері т.б. | Қазақ тілінің фонетикасы және графикасы | Білуі тиіс: Жазу тарихы,, оның даму кезеңдері, лексика- грамматикалық құрылымы. Біліктілігі: Жазу тарихы жалпыхалықтық тілмен, ауызекі сөйлеу тілімен, арақатынасын ажырату. Дағдысы: ұлттық әдеби тіл нормалары, оның ауызша, жазбаша түрлері, стильдік тармақтары Құзыреттілігі: ұлт тіліндегі шешендік сөз, ойталқы, тілдің коммуникативті қызмет саласында білімдерді меңгеру | | | | |
| 8 | KShAT5303 Көркем шығарманы әдеби-теориялық талдау негіздері | Пәнді оқытудың мақсаты Көркем шығарма оқуға тәрбиелеу, шығарманы кешенді талдауға дағдыландыру. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, оқиға желісіне талдау, сюжет пен композиция компоненттерін анықтау. Жазушының образ жасаудағы, оның характерін ашудағы әдіс тәсілдеріне тоқталу. | Әдебиеттануға кіріспе, Әдебиет теориясы | Білуі тиіс: әдеби туындының ішкі, сыртқы аспектілерін саралап, түрлі қырынан талдауды үйренеді; көркем шығармаға талдау жасаудың ғылыми принциптерін игертуді, әдеби шығарманың мазмұны мен пішінінің арақатынасының сырын ұғынуды Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді. Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді Құзыреттілігі: әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен таныстырып, игерту; -әдеби даму процесі, оның заңдылықтары, көркемдік тәжірибе | КП | ТК | 5 | 2 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дәстүрі мен жаңашылдық мәселелерін көркемдік тұрғыда қабылдай білу | | | | |
| | АТТТ5303 Әдеби -теориялық талдаудың түрлері | Пәнді оқытудың мақсаты Көркем талдаудың кешенді түрлерін білу. Көркем шығармаға әдеби теориялық талдау жасай білу. Шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеті мен композициясын талдау Образ жасаудағы жазушы әдіс, тәсілдерін талдау. | Әдебиеттануға кіріспе, Әдебиет теориясы | Білуі тиіс: әдеби туындының ішкі, сыртқы аспектілерін саралап, түрлі қырынан талдауды үйренеді; көркем шығармаға талдау жасаудың ғылыми принциптерін игертуді, Құзыреттілігі: әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен таныстырып, игерту; -әдеби даму процесі, оның заңдылықтары, көркемдік тәжірибе дәстүрі мен жаңашылдық мәселелерін көркемдік тұрғыда қабылдай білу | КП | ТК | 5 | 2 |
| 9 | AAZhZ 5304 Атырау ақын-жазушыларшығармашылығын зерттеу және ғылыми көркемдік таным ерекшеліктері | Пәнді оқытудың мақсаты - Атырау өңірі ақын – жырауларындағы поэзиясындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы ерекшеліктерін танып, түсіну; XIX, XX ғасырдағы облыс жырауларының шығармашылықтарын Батыс Қазақстан өлкесі және жалпы республика ақын – жыраулардың жыраулық дәстүрімен байланыстыра білуіне бағыт сілтейді. Пәннің негізгі таraулары Пәнді оқып, меңгеруде Атырау өңірі ақын – жырауларының қазақ поэзиясындағы көркемдік дәстүр сабақтастығын анықтау, тану, түсіну, білу оқылады, шығармаларының республика жырауларының үндестігін ұға білуге бағыттайды. Жыраулық, ақындық өнерді дамытушы, дәстүрлі жалғастырушылардың шығармашылықтарынан жүйелі білім беруді мақсат етеді. | Әдебиеттануға кіріспе, Әдебиет теориясы | Білуі тиіс: Өлке ауызша, жазбаша әдебиетінің тарихын көне дәуірлермен сабақтастықта тану және бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның көркейген көркем сөз өнері жетістіктерімен байланыстыра отырып саралауға, тани білуге үйрету. Батыс Қазақстан өлкесі, республика ақын-жыраулары жыраулық дәстүрімен, жергілікті ақын-жырау шығармашылығын, ақындық ерекшелігін, шеберлігін терең ғылыми тұрғыда білуі тиіс Біліктілігі: - Атырау ақын жырауларының бүгінгі кемелденген қазақ әдебиетінің тууы, өсу, қалыптасу кезеңдерін қазақ халқының тарихи жүріп өткен жолымен сабақтастықта саралап, тану, меңгеру, кәсіби біліктілігін көтереді. Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Құзыреттілігі:<br>Атырау ақын – жырауларының қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдерінің әр дәуіріне орай қаламгерлік құрамы, сан алуан тақырыбымен, жанрлық тұрғыда өсіп отыруын танып пайдалану жұмыстарын тәжірибелік түрде жүзеге асыра алу, пән қамтыған кезеңдердің шығармашылық ерекшеліктерін меңгере отырып, даму, өсу, көркеюі негіздерін саралай алу және оны пәндік аймактарда колдана алу. | | | | |
| | AAJP5304 Атырау ақын жырауларының поэтикасы | Пәнді оқытудың мақсаты -<br>Атырау өңірі ақын – жырауларындағы поэзиясындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы ерекшеліктерін танып, түсіну;<br>XIX, XX ғасырдағы облыс жырауларының шығармашылықтарын Батыс Қазақстан өлкесі және жаңы республика ақын – жыраулардың жыраулық дәстүрімен байланыстыра білуіне бағыт сілтейді.<br>Пәннің негізгі тараулары -<br>Пәнді оқып, меңгеруде Атырау өңірі ақын – жырауларының қазақ поэзиясындағы көркемдік дәстүр сабақтастығын анықтау, тану, түсіну, білу оқылады, шығармаларының республика жырауларының үндестігін ұға білуге бағыттайды. Жыраулық, ақындық өнерді дамытушы, дәстүрлі жалғастырушылардың шығармашылықтарынан жүйелі білім беруді мақсат етеді. | Әдебиеттануға кіріспе, Әдебиет теориясы | Білуі тиіс:<br>Өлке ауызша, жазбаша әдебиетінің тарихын көне дәуірлермен сабақтастықта тану және бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның көркейген көркем сөз өнері жетістіктерімен байланыстыра отырып саралауға, тани білуге үйрету.<br>Батыс Қазақстан өлкесі, республика ақын-жыраулары жыраулық дәстүрімен, жергілікті ақын-жырау шығармашылығын, ақындық ерекшелігін, шеберлігін терең ғылыми тұрғыда білуі тиіс.<br>Біліктілігі:<br>- Атырау ақын жырауларының бүгінгі кемелденген қазақ әдебиетінің тууы, өсу, қалыптасу кезеңдерін қазақ халқының тарихи жүріп өткен жолымен сабақтастықта саралап, тану, меңгеру, кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі:<br>Атырау ақын – жырауларының қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдерінің әр дәуіріне орай | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қаламгерлік құрамы, сан алуан тақырыбымен, жанрлық тұрғыда өсіп отыруын танып пайдалану жұмыстарын тәжірибелік түрде жүзеге асыра алу, пән қамтыған кезеңдердің шығармашылық ерекшеліктерін меңгере отырып, даму, өсу, көркеюі негіздерін саралай алу және оны пәндік аймақтарда қолдана алу. | | | | |
| 10 | Lin5305 Лингвоэкология | Лингвоэкология пәнін оқыту барысында тілді сақтау және оны өзге (сырт) тілдердің басқыншылығынан қорғау мәселелері туралы білім беріледі. Тілдің белгілі бір тілдік қоғамда дамуына, яғни қолданылу өрісіне шектеу қоятын кері ықпалдар анықталады. Тіл тазалығының бұзылуының нәтижесінен туындаған тілдік дағдарыстың қоғамдық саяси, тарихи-әлеуметтік негіздері айқындалып, ұлттық тілдің өміршеңдік қасиетін жоюға бағытталған, нақты айтқанда тіл тазалығына нұқсан келтірген басқыншы тіл ұстанымдары аталып көрсетіледі.<br>Тіл тәуелсіздігін сақтаудың ғылыми-әдіснамалық лингвистикалық әдіс тәсілдері игертіліп, сөз этимологиясы, лингвомәдениеттанымдық зерттеу ұстанымдары меңгертіледі. | Тарихи грамматика, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы і | Білуі:<br>-тіл тазалығын сақтау, өзге тіл басқыншылығынан қорғаудың қоғамдық маңызын,<br>-тілдің белгілі бір тілдік қоғамда дамуына, яғни қолданылу өрісіне шектеу қоятын кері ықпалдарды;<br>- тіл тазалығының бұзылуының нәтижесінен туындаған тілдік дағдарыстың қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік негіздерін білуі тиіс.<br>Түсінуі:<br>- орыстекті жат тілдік сөздермен шұбарланып, сол тілдің фонетикалық, грамматикалық заңдылықтарын қабылдау барысында өзіне тән тілдік нормасынан ажырап қалған тіл заңдылықтарын қайта қалпына келтірудің жолдарын;<br>- Ұлттық тілдің өміршеңдік қасиетін жоюға бағытталған, нақты айтқанда тіл тазалығына нұқсан келтірген басқыншы тіл ұстанымдарын; -<br>- тіл тәуелсіздігін сақтаудың ғылыми-әдіснамалық лингвистикалық әдіс-тәсілдерін түсінуі тиіс.<br>Қолдануы.<br>- Сөз этимологиясы, лингвомәдениеттанымдық зерттеу ұстанымдарын зерттеу барысында, | КП | ТК | 5 | 2 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | теориялық білімдерді жеткізуде қолданады. | | | | |
| | SMLA5305 Сөз мәдениетіндегі лингвоэкология аспектілері | Сөз мәдениетінің лингвоэкологиялық аспектілері пәнін оқыту барысында тіл тазалығы сөз мәдениеті пәнінің зерттеу пәні, нысаны ретінде басшылыққа алына отырып, тілдің ортаның сөз мәдениетін сақтауда талап етілетін лингвистикалық талаптар бойынша тілдік нигилизммен күрестің әдіс-тәсілдері, тілдің өміршеңдігін сақтайтын тілтанымдық ұстанымдар жүйесі меңгертіледі. | Тарихи грамматика, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы | Білуі:<br>-сөз мәдениетінің лингвоэкологиялық аспектілерін; тілдік норма ережелерін;<br>- орфоэпиялық, орфографиялық тіл нормаларын біледі;<br>- тіл тазалығын сақтаудың әдеби нормаларын біледі.<br>Түсінуі:<br>- сөз мәдениеті пәнінің зерттеу пәні, нысаны ретінде басшылыққа алына отырып,<br>тілдің ортаның сөз мәдениетін сақтауда талап етілетін лингвистикалық нормаларды түсінеді.<br>Қолдануы:<br>- тілдік нигилизммен күрестің әдіс-тәсілдері, тілдің өміршеңдігін сақтайтын тілтанымдық ұстанымдар жүйесін теориялық, тәжірибелік тұрғыда қолданады. | | | | |
| | **2 курс** | | | | | | | |
| 1 | KPPZh 6301 Қазақ поэзиясының поэтикалық жүйесі | Пәнді оқытудың мақсаты -<br>Қазіргі қазақ прозасының прозасының поэтикалық жүйесі теориялық және практикалық тұрғыдан отандық және әлемдік ғалымдардың шығармашылығын жан жақты талдай отырып, түсіндіріледі<br>Пәннің негізгі тараулары -<br>Поэзиядағы жанрлық өзгерістер. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух мәселесі, қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашылдық мәселесі, Ақынның қалыптасу, өсу, жетілу процесіне қоғамдық жағдайдың ықпалы туралы | Әдебиет теориясы | Білуі тиіс: Қазақ поэзиясы тарихы, поэтикалық жүйесі, ғалымдар шығармашылығы ерекшелігін, түрлерін білуі тиіс.<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі: Қазіргі қазақ прозасындағы поэтикалық жүйе, жетілу жолдары, түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс | КП | ТК | 5 | 3 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түсіндіріледі, т.б. | | | | | | |
| | KPPJ6301Қазіргі казак прозасының поэтикалык жүйесі | Пәнді оқытудың мақсаты - Қазіргі қазақ прозасының прозасының поэтикалық жүйесі теориялык және практикалык тұрғыдан отандық және әлемдік ғалымдардың шығармашылығын жан – жақты талдай отырып, түсіндіріледі<br>Пәннің негізгі тараулары - Поэзиядағы жанрлық өзгерістер. Жыраулар поэзиясындағы ұлттык рух мәселесі, қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашылдық мәселесі, Акынның калыптасу, өсу, жетілу процесіне қоғамдық жағдайдың ықпалы туралы түсіндіріледі, т.б. | Әдебиет теориясы | Білуі тиіс: Қазақ поэзиясы тарихы, поэтикалык жүйесі, ғалымдар шығармашылығы ерекшелігін, түрлерін білуі тиіс.<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді<br>Дағдысы: мамандык дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі: Қазіргі қазақ прозасындағы поэтикалық жүйе, жетілу жолдары, түрлерімен жан жақты таныстыруды камтамасыз ететін білімдік үрдіс. | | | | |
| 2 | LTTB 6302 Лингвомәдениеттану және танымдық тіл білімі | Пәнді оқытудың мақсаты<br>Ұлттық мәдениеттің қалыптасуының тілдік негізін фразеологиялык тіркестер арқылы мәнін ашу, тіл мен ұлттық мәдениеттің сабактастығын, көрсету, фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болған ұлттық мәдени деректерді этнолингвистикалык, лингвомәдениеттанымдық талдаулар арқылы пайдалану.<br>Пәннің негізгі тараулары: Фразеологизмдердің калыптасуына негіз болған ұлттық мәдени деректерді тереңдетіп меңгеріп оқыту. | Жалпы тіл білімі | Білуі тиіс: Ұлттық болмыстың тілдегі көріністерін, тіл фактілері мен халықтық танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау, меңгерту.<br>Біліктілігі: -тіл арқылы мәдениеттанудың ғылыми бағыттарын білуі керек;<br>Дағдысы: Негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай білу, ғылыми идеяларға сын көзбен қарап дәлелдей алу және концепциялар мен теорияларды талдай білуге дағдыландыру.<br>Құзыреттілігі: Лингвомәдениеттану тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсіну | КП | ТК | 8 | 3 |
| | Etn 6302 Этнолингвистика | Пәнді оқытудың мақсаты - магистранттарды тілдің терең мазмұндық құрылымын тануға, | Жалпы тіл білімі | Білуі тиіс: этнолингвистиканың зерттеу объектілері мен міндеттерін, тіл байлығын этнолингвистикалык | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тілдің ұлттық табиғатын ұлт өміріндегі ролі мен қызметін әр қырынан сараптауға үйрету болып табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары – Этнолингвистика туралы түсінік, Этнолингвистиканың зерттелу жайы | | тұрғыдан зерттеудің амал-тәсілдерін білуі керек.<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы: мамандық дағдыларын жетілдіреді.<br>Құзыреттілігі. магистранттарға этнолингвистика теориясының негізгі ұғымдарын анықтау жөнінде бағыт-бағдар беру. Қазақ этнолингвистикасының қалыптасу барысында айқындалған өзіндік дәстүр мен үрдісі, зерттеу объектісі мен әдіс-тәсілдері, ұстанған принциптерімен таныстыру. | | | | |
| 3 | ZhBAO6303 ЖОО жаңартылған білім мазмұны бойынша әдебиетті оқытудың әдістемелік негіздері | Пәнді оқытудың мақсаты:<br>Әдебиеттің тарихы, теориясы, сыны, оқыту әдістемесі ғылымының кәсіби білімді тереңдету мақсатын көздей отырып,<br>теориялық – методологиялық принциптерге негізделеді.<br>Пәннің негізгі тараулары -<br>Әдебиеттің даму тарихында қалыптасу, үрдісінде әдеби білім беру негізгі қағида болып табылатын оқу бағдарламаларымен оқулықтар жасау әдебиет сабағын оқытуды жетілдіру сияқты мәселелері әдебиет пәні құрылымын құрайды. Білім беру саясатының тұжырымдамасына сәйкес шығармашылық тұрғыда ойлай алатын танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениетті жете меңгерген жеке тұлғаны тәрбиелеудегі әдебиеттің ролін дамыту мәселелері қарастырылады. | Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі | Білуі тиіс: Білім беру саясатының тұжырымдамасына сәйкес шығармашылық тұрғыда ойлай алатын танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениеті жете меңгерген жеке тұлғаны тәрбиелеудегі әдебиеттің ролін дамыту мәселелерін білуі тиіс.<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы бар: мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі: Қазақ әдебиетін оқытуды жетілдіру жолдарымен, әдіс-тәсілдерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс. | КП | ТК | 5 | 3 |
| | ZhOIA6303 Жоғары оқу орнындағы интербелсенді оқытудың әдістері | Пәнді оқытудың мақсаты:<br>Әдебиеттің тарихы, теориясы, сыны, оқыту әдістемесі ғылымының кәсіби білімді тереңдету мақсатын көздей отырып, теориялық – | Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі | Білуі тиіс: Білім беру саясатының тұжырымдамасына сәйкес шығармашылық тұрғыда ойлай алатын танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениеті жете меңгерген | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | методологиялық принциптерге негізделеді.<br>Пәннің негізгі тараулары - Әдебиеттің даму тарихында қалыптасу, үрдісінде әдеби білім беру негізгі қағида болып табылатын оқу бағдарламаларымен оқулықтар жасау әдебиет сабағын оқытуды жетілдіру сияқты мәселелері әдебиет пәні құрылымын құрайды. Білім беру саясатының тұжырымдамасына сәйкес шығармашылық тұрғыда ойлай алатын танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениетті жете меңгерген жеке тұлғаны тәрбиелеудегі әдебиеттің ролін дамыту мәселелері қарастырылады. | | жеке тұлғаны тәрбиелеудегі әдебиеттің ролін дамыту мәселелерін білуі тиіс.<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы бар: мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі: Қазақ әдебиетін оқытуды жетілдіру жолдарымен, әдіс тәсілдерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс. | | | | |
| 4 | ZhBMK 6304 ЖОО жаңартылған білім мазмұны бойынша тілді оқытудың әдістемелік негіздері | Пәнді оқытудың мақсаты<br>Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазақ тілін оқыту үрдісінің заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы. Пәннің мақсаты – магистранттарды қазақ тілін оқытудың ғылыми-теориялық негіздерімен қаруландыру, дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқытудың инновациялық технологиясын қолданудың ұтымды жолдарын ұсыну<br>Пәннің негізгі тараулары: әлемдегі әдістеме ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, қазақ тілінің оқытудың бағыттары мен ұстанымдарын анықтау, дамыту, ғылымның теориялық, қолданбалы сипатын және жаңа технологияның жетістіктерін оқытады. | Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілін оқыту әдістемесі | Білуі тиіс: Тілді оқыту әдістемесі ғылымының методологиялық негізін білу тиіс<br>Біліктілігі: ғылыми тұжырымдамасы, мазмұндық, құрылымдылық ерекшеліктері<br>Дағдысы бар: мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі: әдістеме және таным теориясының ерекшеліктерін мен түрлерін меңгеріп шығады. | КП | ТК | 5 | 3 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ZhGIO6304 Жоғары оқу орнындағы грамматиканы интербелсенді оқытудың әдістері | Пәнді оқытудың мақсаты Қазақ тіліндегі сөздердің түрлерін, олардың лексика-грамматикалық топтарын, тілдегі лексикалық және грамматикалық мағыналар мен формаларды, синтаксистік құрылым-құрылыстар туралы берілетін ғылыми теориялық және практикалық білімдерді саралап, оларды жүйелі түрде, бір-біріне байланыстыра жеткізудің негізгі бағыт-бағдарын ұсынады.<br>Пәннің негізгі тараулары – Қазақ тіл білімінің тарихы. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең. Лексикология пәні және оның объектісі. Қазақ тілінің сөздік құрамы мен негізгі сөздік қоры. | Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілін оқыту әдістемесі | Білуі тиіс: Сөздің грамматикалық формаларының дискурспен тілдің қолдану саласына қарай қалыптасатынын, олардың синонимдік қатарын, мағыналық парадигмасын айыру; ауызекі сөйлеуді жиі кездесетін қолдану түрлерін, оның әдеби тіл нормасынан ерекшеліктерін ажырата білу;<br>Біліктілігі: кәсіби біліктілігін көтереді.<br>Дағдысы бар: мамандық дағдыларын жетілдіреді<br>Құзыреттілігі: Грамматика теориясының негіздері экстралингвистикалық лингвистика теориясына қарама-қарсы интралингвистика категорияларын зерделейді. | | | | |

Келісілді:

___________________________
Мекеме атауы / жетекшінің колы

Білім бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету офисі ____________ Сулейменова Ж.У.

Кафедра меңгерушісі м.а. ____________ Даутқулова А.К.